

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Бекітемін:

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының меңгерушісі:


_____ К.Т. Шокпарова



Ересек «Қарлығаш» тобының «Қазақшаң қалай балақай?» (вариативтік) *жоспары*

Түсінік хат

Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу - мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында берілетінін ескерсек, баланың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін осы бастан дұрыс қалыптастыру басты мақсат болып саналады. Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тіл - қазақ тілі туралы бірінші түсінік қалыптастыруда ойынның алар орны ерекше. Ойын кезінде кез келген бала өзін еркін әрі ашық ұстайтыны белгілі, ендеше мемлекеттік тілді меңгертуде бұл тәсіл - таптырмас құрал деп санаймын. Ойын-бұл психология және философия сияқты білім беру салаларында егжей-тегжейлі қаралатын феноменді адами оқиға. Ойын технологиясы балаларды оқыту жұмысымен қызықтыруға, әртүрлі қарымқатынас режимдерін, жұппен және топпен жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Ойын технологиялары қазақ тілін оқыту әдістемесінде белсенді оқыту нысанына жатады. Ойын технологиялары шығармашылық-іздістіру деңгейіндегі балалардың жұмыстарын ғана емес, қазақ тілін зерттеу бойынша күнделікті қадамдарды қызықты етуге ықпал ететін, бірегей оқыту нысандарының бірі болып табылады. Ол білімді жаңа жағдайда пайдалануға, яғни балалардың меңгеретін материалдарын өзіндік тәжірибеден өткізуге, оқу процесінде әр түрлілікті және қызығушылықты тудыруға мүмкіндік береді. Осы бағытты өзімнің осы шығармашылық жұмысымда қарастыратын боламын. Жұмысымның өзектілігі: Балаларға қазақ тіліне деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін арттыру, құрметпен қарауға үйрету, сонымен қатар сөйлеу тілін дамыту.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілеріне қазақ тілді меңгерту мәселелері бойынша педагогтердің білімін жетілдіре отырып, оны жетік меңгерту арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін қалыптастырып, игерген білімдерін дамыта отырып, жан жақты тәрбиелеу.

Міндеттері: Баланың қазақ тіліне құрметпен қарауға үйрету;

- Сөздік қорын жетілдіру арқылы ой-өрісін дамыту
- балалардың қазақ тілге деген қызығушылығын ояту;
- олардың жан-жақты дамуына, білімдерін тереңдетуіне ықпал тигізу;
- қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу);

Күтілетін нәтиже: Баланың қазақ тілге деген сүйіспеншілігі артады, сөздік қоры молаяды, сонымен ойы да кең болады, сондықтан оның тілін байытып ойын кеңейте түсу үшін түрлі ойындар ойнатып, өлең, ертегі, әңгіме, мақал – мател, жұмбақ, жаңылтпаш, әдеби шығармалардан үзінділерін оқып таныстыру. Сол арқылы ойлау қабілеттерін арттырып, көргендерін ойға түйіп қорытынды жасай білуге дағдыландыру

«Қазақшаң қалай балақай?» вариативті бөлігінің тақырыптық жоспары.

№	Тақырыбы
1	«Мен және менің балабақшам»
2	«Меніңжанұям мен туыстарым»
3	«Уақыт. Тәулік бөліктері. Күн тәртібі»
4	«Қазақстан – менің Отаным»
5	«Күз мезгілі»
6	«Көкөністер мен жемістер»
7	«Сиқырлыбау ырсақтар»
8	«Үйқұстары. Жылқұстары»
9	«Не қалай дыбыстайды? Үйжануарлары мен төлдері»
10	«Көліктер. Қала мен ауыл»
11	«Жабайы аңдар және оның балалары»
12	«Үш аю» ертегісі
13	«Қысқы табиғат құбылыстары»
14	«Қазақстан байлықтары»
15	«Киімдер, аяқ киім, бас киім»
16	«Жаңа жылды қарсы алайық»
17	«Біз қармен қалай ойнадық»
18	«Қар жауады»
19	«Үш торай» ертігісін оқу
20	«Қыстайтын құстар»
21	«Жиһаз. Балықты бақылау»
22	«Мамандықтар»
23	«Тұрмыстық техника»
24	«Кел, жаттығайық!»
25	«Көктемгі табиғат құбылыстары»
26	«Ертегі оқу: «Торғай мен тышқан»
27	«Наурыз көже дайындаймыз»
28	Музыкалық аспаптар шеберханасы
29	«Ғарышкербол амыз»
30	М. Төрежановтың «Адалдос» әңгімесін оқу
31	Тақпақты мәнерлеп оқу«Аққайын»
32	«Достық жайлы ән»
33	«Сарбаздар! Адымда!»
34	«Гүлдер»
35	«Егістікке арбамен барамыз»
36	«Жыл мезгілі Жаз»

Қорытынды

Осы қолданып жүрген барлық әдістердің ұтымды бір бөлігі-ол пән аралық байланыс, интеграция арқылы оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейіп, дамып отырады. Баланың бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлығы оянып, диалог құру, балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді. Көрсетілген ойындар балалардың ой – өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, ата аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Қорыта келгенде, тәрбиеленушілердің қазақ тіліне деген қызығушылығын, сөздік қоры мен сөйлеу тілін жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады, түрлі эмоцияларды жеткізе білген, ұялшақтықты, ұяндықты жеңген бала келешек өмірінде де өз орнын таба білетіні сөзсіз. Өз тәжірибемде қолданған осы әдістер өте тиімді әрі қызықты. Құрылған кеңістіктің маңыздылығы бәсекеге қабілетті сыни ойлайтын, шығармашылықты, қарым-қатынас және ынтымақтастық бойына қалыптасқан ұрпақты тәрбиелейді. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, педагогтер үшін үлкен табыс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі». 2020 ж.
3. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.
4. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.
5. Меңжанова А. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы., - «Рауан» 1992.- 137б.
6. Педагогика: Большая современная энциклопедия /Сост. Е.С.Рапацевич. – Минск, 2005.
7. Қаржаубаева Л.Ж. «Бала тілін заманауи технологиялар арқылы дамыту»
8. «Тіл және қоғам» Альманах -2015. № 1,2 16-18 бб
9. Малайсаринов Н.Ж. «Ұлттың қуаты тілінде» Оқыту-тәрбиелеу технологиясы журналы 2016 - № 4, 63-64 бб
10. Бадел А., Қазақ этнопедагогикасы – бала дүниетанымын қалыптастыру негізі: әдістемелік құрал. – Астана: Зерде, 2009. – 202 б.
11. Еденбаева З. Д, Попова Т. Н. – Алматы: Күншуақ – 2006 Қазақ тілінің дыбыстық үндестігі.
12. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991.
13. Мектепке дейінгі балаларды оқытып – тәрбиелеуде дидактикалық ойындардың рөлі: методикалық нұсқау, Алматы, 1988